**Байғанин  аудандық білім бөлімі**

**«Байғанин орта мектебі» КММ**

# ӨЗІН- ӨЗІ БАҒАЛАУ АНЫҚТАМАЛАРЫ

**2024 жыл**

## ӨЗІН- ӨЗІ БАҒАЛАУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

**Мақсаты:**

Білім беру ұйымының білім беру қызметінің жағдайы жөнінде алынған обьективті ақпарат негізінде:

- мектеп педагогтарының кәсіби өсуін;
- оқушылардың негізгі құзіреттілігінің қалыптасуына ықпал ететін механизмдерін құру.

**Міндеттері:**

- Оқу –тәрбие үдерісі жағдайы мен оның нәтижесіне сәйкес мектептің жұмыс жүйесін нақтылау;
- Оқу- тәрбие үдерісінде кездесетін проблемалық тұстарды айқындау;
- Оқу-тәрбие үдерісіндегі онды жұмыстарды анықтау және оларды дамыту жолдарын қарастыру;
- Педагогикалық процестің, оқушылардың тәрбиелік деңгейінің, педагогикалық ұжымдағы ахуалдың толық көрінісін жасау

## 1.Білім беру ұйымының жалпы  сипаттамасы

1) **Заңды тұлғаның мемлекеттік тілде атауы:**

**«Байғанин орта мектебі» мемлекеттік мекемесі**

Заңды тұлғаның мекен – жайы: 030304, Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жарлы ауылы, Ардагерлер көшесі №2 үй

Телефон: **87134525325, 87134525294**

Факс: **87134525325**

Электрондық адрес: **bom_74@mail.ru**

Мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларымен айналысуға берілген мемлекеттік лицензия сериясы **ББ  №0001569**

Заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік **№** 79**-1904-05-1414**

Алғашқы мемлекеттік тіркеу  **24. 12. 1997 ж**

Салық төлеушісінің куәлігі  **№ 060500210714**

**2)Статистикалық карточка   №5058-1904-ГУ**

| | |
|---|---|
| ҚҰЖС мемлекеттік сыныптаушы бойынша коды | 38598218 |
| ҚҰЖС кодының берілген күні | 24. 12. 1997 ж |
| Бизнес сәйкестендіру номері /БСН/ | 971240002908 |
| БСН берілген күні | 13.01.2021 ж. |

Медициналық қызметпен айналысуға берілген
мемлекеттік лицензия сериясы **10836DD**

Ғимараттың салынған жылы – **1973-1974 ж.ж.**

Оқу корпусының іске қосылған жылы – **1974 ж.**

Ғимараттың аумағы – **2625,5 м$^2$**

Жоба бойынша сыйымдылығы-**320 бала**

Оқыту, тәрбиелеу тілі – **қазақ тілі**

3) **Білім беру ұйымының Жарғысы;**

Мекеме Жарғысы  Байғанин  ауданы әкімдігінің  29 қаңтар 2014жыл №29 қаулысымен бекітілген және Қазақстан Республикасының әділет Министрлігі 28.03.2014жыл. №49 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізген.

4) **Білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензиясы (нөмірі, лицензия беру мерзімі) және оған қосымшасы;**

Мекеменің мемлекеттік лицензиясын 5.12.2016 жыл «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Ақтөбе облысының Білім саласындағы бақылау департаменті» ММ берген.  № KZ68LAA00007901

5) **Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін жеке меншік немесе шаруашылықты жүргізуге құқығы немесе оперативтік басқару бойынша материалдық, материалдық емес активтерді растайтын құжаттар;**

Тұрақты жер пайдалану құқығын беретін акт нөмірі 02-023-019-1547, жер учаскесінің алаңы 1,5241 га.

**Актінің берілу негізі:** Жер пайдалану құқығын беретін актілер жазылатын кітапта №254 болып жазылған, 18.01.2007ж. берлген.

6) **Білім беру үдерісіне байланысты ғимаратты қолдануға рұқсат етілген СЭС, МӨС мекемелерінің қорытындысы;**

Санитарлық талаптарға сәйкестігі туралы 2023-2024 оқу жылдарына санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау мекемесінің қорытындысы, актілері берілген. Мектепте өрт қауіпсіздігі бұрышы жабдықталған, өрт сөндіруге қажетті құрал-жабдықтар қойылған. 2023-2024 оқу жылына дайындығы туралы тексеру актісі бар, кемшіліктер анықталмаған деп қорытынды берген.

7) **Медициналық қызметпен және тамақтандырумен қамтамасыз етілгенін растайтын құжаттар;**

Мектепте 1 медицина бөлмесі бар. Медициналық кабинетте мемлекеттік лицензиясының нөмірі АК10836DD №13020154 26.12.2013 жылы берілген. Кабинеттің жалпы ауданы 32кв шаршы метр. Медициналық бөлімде 1 ставкамен 1 қызметкер жұмыс жасайды:

**Мектеп асханасы** 3 бөлме. Асхананың жалпы ауданы 137,9 $м^2$ Тамақ ішетін бөлме 80 орынға арналған, столмен орындықтар, асхана бұрышы, дәрумендер туралы плакаттар,тамақ ішу ережелер туралы ескертпелер ілінген.

Ас мәзірлері жергілікті СЭС ұжымының рұқсатымен дайындалған. Екі апталық ас мәзірі, перспективтік ас мәзірі, асхана құжаттары толығымен бар, өз үлгісінде толтырылған. Қазіргі кезде аз қамытылған отбасынан – негізгі және жалпы орта бойынша 36 оқушы, бастауыш кластар бойынша 166 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылды.

**8)Білім беру ұйымының құрылымы және құрылымдық бөлімшелері туралы ережелер;**

Мектептің құрылымы және құрылымдық бөлімшелері жоқ.

## 2. Кадр құрамы

### 1. Кадрлардың сапалық және сандық құрамы.

2023-2024 оқу жылында 62 педагогикалық маман жұмыс жасады. Олардың ішінде 56 мұғалім, 1 психолог, 1 әлеуметтік педагог, 1 тәлімгер, 1 логопед, 2 мектепалды даярлық мұғалімі, 2021-2022 оқу жылындағы еңбек өтілі 3 жылға дейінгі педагогтар саны – 8%, 3-5 жыл - 5%, 6-10 жыл - 11%, 11-15 жыл - 23%, 16-20 жыл - 16%, 20 жылдан жоғары – 37%.

**Педагог кадрлардың еңбек өтілі бойынша сапалық құрамы**

| жылдар | Педагог саны | 3 жылға дейін | 3-5 жыл | 6-10 жыл | 11-15 жыл | 16-20 жыл | 20 жылдан жоғары |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2023-2024 | 62 | 5 | 3 | 7 | 14 | 10 | 23 |




**Педагогикалық кадрлардың біліктілік санат бойынша сапалық құрамы**

| жылдар | Педагог саны | Шебер | | Зерттеуші | | Сарапшы | | модератор | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Саны | Пайыздық көрсеткіші | Саны | Пайыздық көрсеткіші | Саны | Пайыздық көрсеткіші | Саны | Пайыздық көрсеткіші |
| 2023-2024 | 62 | 1 | 3% | 19 | 31% | 12 | 19% | 14 | 23% |

Біліктілік санаты бар мұғалімдер жыл сайын артып келеді. Ұжымның 74% -ның біліктілік санаты бар. 2023-2024 оқу жылында Педагог-шебер, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы мұғалімдердің - 52% құрайды.

## Педагогикалық кадрлардың білімі бойынша сапалық құрамы

| Жылдар | Педагог саны | Жоғары | | Арнаулы орта | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | саны | Пайыздық көрсеткіш | саны | Пайыздық көрсеткіш |
| 2023-2024 | 62 | 52 | 84% | 10 | 16% |

Жоғары білімі бойынша мұғалімдердің сапалық көрсеткіші 2023-2024 оқу жылында 84%. Бұл көрсеткіш мектептің жоғары білімді мамандармен қамтылғандығын көрсетеді.

## Педагогикалық кадрлардың жасы бойынша сапалық құрамы

| жылдар | Педагог саны | 25 ке дейін | | 25-29 | | 30-34 | | 35-39 | | 40-44 | | 45-49 | | 50-54 | | 55-59 | | 59 дан жоғары | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | саны | % | саны | % | саны | % | саны | саны | саны | % | % | % | саны | % | саны | % | саны | % |
| 2023-2024 | 62 | 3 | 5% | 5 | 8% | 8 | 13 % | 14 | 23 % | 11 | 18 % | 7 | 11 % | 5 | 8% | 6 | 9% | 3 | 5 % |

## Мектеп әкімшілігі туралы мәлімет

| № | Аты жөні | Қызметі | Туған жылы | Бітірген оқу орны | Еңбек өтілі | Қызметі бойынша | Санаты |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ескaзиева Нурсая Нурбаулиевна | Директор | 12.06.1982 | Ақтөбе ПИ 2005ж. | 20 | 13 | Педагог-зерттеуші |
| 2 | Қалисин Жасұлан Бердібекұлы | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары | 06.12.1982 | Ақтөбе МУ 2003ж. | 20 | 10 | Педагог-зерттеуші |
| 3 | Жаманбай Есімхан Мырзабайұлы | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары | 25.11.1993 | Ақтөбе өңірлік Қ.Жұбанов МУ | 8 | 1 | Педагог-сарапшы |
| 4 | Бердимуратова Бибитгүл Баксиыковна | Директордың бастауыш оқу ісі жөніндегі орынбасары | 23.02.1978 | Ақтөбе ПИ1999. | 24 | 1 | Педагог-зерттеуші |
| 5 | Әли Эльмира Темірханқызы | Директордың әдістеме ісі жөніндегі орынбасары | 23.02.1971 | Гурьев ПИ 1994ж. | 29 | 12 | Педагог-сарапшы |
| 6 | Тумина Нұргүл | Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары | 06.01.1972 | Ақтөбе кооперативтік училищесі 1991ж. | 14 | 14 | |

## Біліктілікті арттыру
## Мұғалімдердің аттестациядан өтуі

Жыл сайын мұғалімдердің біліктілік санаттары артып келеді. Қазіргі таңда 1 мұғалім педагог-шебер, 19 мұғалім педагог-зерттеуші, 12 мұғалім педагог-сарапшы, 14 мұғалім педагог-модератор, 1 мұғалім бірінші санатты, 15 мұғалімнің санаты жоқ. 2024-2025 оқу жылының екінші жарты жылдығына педагог-зерттеушіге-6 мұғалім қайта беруші, педагог-модераторға - 15 мұғалім өтініш білдіріп отыр.

Байғанин орта мектебі бойынша соңғы 3 жылда педагог кадрлардың саны: 2021-2022 оқу жылы 64, 2022-2023 оқу жылы 63, 2023-2024 оқу жылы 62 мұғалім. Педагогтар әр деңгейдегі кәсіби сайыстарға, семинар-конференцияларға қатысып, тәжірибе алмасып отырады.

**Мектеп педагогтарының соңғы жылда курстардан өтуі.**
Педагогтардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау мақсатында жаңартылған курстардан өтудің перспективалық жоспары жасақталған.
Біліктілігін арттыру курсынан осы мерзімге дейін педагогтар сұраныс бойынша өтіп отырған. Педагогтардың курстан өткен сертификаттар көшірмесі жеке портфолиоларында жинақталған.
2023-2024 оқу жылы базалық курстан өткені-8, класс жетекшілік-1, ерекше білімді қажет ететін-27.

**Кадрларды іріктеу және жұмысқа орналастыру.**
Педагогтардың соңғы жыл бойынша қозғалысы қаралды.

| Оқу жылдары | Келгені | Оның ішінде жас маман | Кеткені | Не себепті |
|---|---|---|---|---|
| 2023-2024 | 2 | 1 | 2 | 2-зейнеткерлік |

**Жас мамандармен жұмыс**

Мектептегі жас мамандар:
2023-2024 оқу жылында – 1 жас маман келді.
Тәлімгерлердің оқу жылдарына арналған жеке жұмыс жоспарлары бар.
Тәлімгер – педагог жас маманға бұйрық бойынша бекітілген, әр жас маманға нақты құрылған жұмыс жоспарлары бар,тәлімгерлер сабақтарға қатысып отырады, жас мамандардың сабағына әкімшілік тарапынан бақылау жүргізіледі.

**2023-2024 оқу жылдарындағы жас мамандар туралы мәлімет**:

| Жас мамандардың аты-жөні | Бітірген оқу орны, диплом бойынша мамандығы | Жүргізетін пәні | Тәлімгердің аты-жөні |
|---|---|---|---|
| 2023-2024 оқу жылы | | | |
| Егізбай Ақбота Бауыржанқызы | Қ.Жұбанов атындағы АӨУ,2023 | психолог | Султангубиева Эльзива Кайыргалиевна |

**Мемлекеттік тілде сабақ беретін мұғалімдер саны:**

Мектепте оқыту тілі мемлекеттік тілі-қазақ тілі. Мұғалімдердің барлығы оқу процесін мемлекеттік тілде жүргізеді.Мектептегі барлық құжаттар қазақ тілінде жүргізіледі.

**3.Білім алушылардың контингенті**
**Оқушылардың саны туралы мәлімет**

| Класс | 2023-2024 | барлығы |
|---|---|---|
| 1а | 19 | 38 |
| 1ә | 19 | |
| 2а | 20 | 40 |
| 2ә | 20 | |
| 3а | 22 | 44 |
| 3ә | 22 | |
| 4а | 20 | 44 |
| 4ә | 24 | |
| барл | **166** | **166** |
| 5а | 18 | 36 |
| 5ә | 18 | |
| 6а | 16 | 33 |
| 6ә | 17 | |
| 7а | 20 | 37 |
| 7ә | 17 | |
| 8а | 18 | 39 |
| 8ә | 21 | |
| 9а | 19 | 36 |
| 9ә | 17 | |
| барл | **181** | **181** |
| 10а | 25 | 25 |
| 11а | 24 | 24 |
| барл | **49** | **49** |
| жалпы | **396** | **396** |

**Байғанин орта мектебінің үйде білім алатын 4 «Ә» сынып оқушысы Көздібай Аман**

Жеке оқу жұмыс жоспары келесідей нормативтік құжаттардың негізінде әзірленген:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 406 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларымен) бекітілген бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушы 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығына 27-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 53-қосымша.

Оқыту жеке оқу жұмыс жоспарына сәйкес 3 сыныптың жалпы білім беру бағдарламасы бойынша жүзеге асырылып жатыр. Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандартына сәйкес оқу жылының ұзақтығы 34 оқу аптасын құрайды.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде жеке тегін оқытатын бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің көлемі 14 сағатты құрайды.

Сабақтың ұзақтығы 45 минут. Қажет болған жағдайда баланың жағдайын есепке ала отырып сабақтар үзілуі мүмкін.

**Оқушылардың үлгерім сапасы туралы мәлімет**

| Кластар | 2023-2024 оқу жылы | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бала саны | Озат | Екпінді | Сапа % | Үлгерім % |
| 1 класс | 38 | - | - | - | 100 |
| 2 класс | 40 | 16 | 15 | **77** | 100 |
| 3 класс | 44 | 13 | 16 | **65** | 100 |
| 4 класс | 44 | 14 | 15 | **65** | 100 |
| **Жалпы** | **166** | **43** | **46** | **69** | **100** |
| 5 класс | 36 | 10 | 14 | **66** | 100 |
| 6 класс | 33 | 11 | 9 | **60** | 100 |
| 7 класс | 37 | 5 | 15 | **54** | 100 |
| 8 класс | 39 | 6 | 10 | **41** | 100 |
| 9 класс | 36 | 4 | 12 | **44** | 100 |
| **Жалпы** | **181** | **36** | **60** | **53** | **100** |
| 10 класс | 25 | 4 | 8 | **48** | 100 |
| 11 класс | 24 | 2 | 3 | **20** | 100 |
| **Жалпы** | **49** | **6** | **11** | **34** | **100** |
| **1-11 класс** | **396** | **85** | **117** | **56** | **100** |

2023-2024 оқу жылы 396 оқушымен аяқталды. Оның ішінде үздіктер саны – 85, екпінділер саны – 117 болып, сапа - 56% көрсетіп отыр. Үлгермеуші оқушы жоқ.

**Класс жетекшілерінің жалпы саны**

| **Оқу жылдары** | **2023-2024** |
|---|---|
| **Жалпы саны** | 20 |
| **Жоғары** | 19 |
| **Арнаулы орта** | 1 |

2023-2024 оқу жылында дарынды оқушылармен жасалатын жұмыс жоспары бекітіліп, жыл ішінде жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді. Жыл басында әр сыныптағы дарынды балалар анықталды. Дарынды оқушылармен балалардың бейініне қарай шығармашылық ізденіс жұмыстарына тарту, пәндік олимпиадаларға дайындау, аймақтық, облыстық, республикалық пәндік олимпадаларға қатыстыру, шығармашылық, топтық үйірмелерге қатыстыру, түрлі байқаулар мен спорттық жарыстарға қатыстыру мақсатында жұмыстар жүргізіліп жыл соңында қортыланды. Мектебімізде дарынды оқушылары арасында «Үздік оқырман», «Үш тілді білу-елге үлгі болу», «Тарихыңды білу-өз Отаныңды, отбасыңды сүю», «Таңғажайып жасыл әлем », «Білімшыңы» жобалары бойынша жұмыс жасап келеміз. Жобамақсаты оқушыларды ғылыми ізденіске жетелеу, шығармашыл, сындарлы ойлайтын, өз мүмкіндіктеріне сенімді, әртүрлі әлеуметтік және өндірістік мәселелерді өзбетінше шешуге қабілетті, белсенді шығармашылыққа бейімделген тұлға қалыптастыра отырып, сөздік қорын ертегілер, интеллектуалдық ойындар, мәнерлеп оқу(проза, поэзия), мақал-мәтелдер арқылы кеңейту және ауызекі сөйлеу тілін дамыту болып табылады.

«Үздікоқырман» жобасының қазан айында жүргізілетін жұмысы бойынша жоба мүшесі Келдібаева Шәрбат қатысушы оқырмандарды ауыл кітапханасына, мектеп кітапханасына апарып, оқырман формулярын дайындатты. Әр қатысушыға оқырман күнделігін арнатып, жүргізілуін түсіндірді.Оқығанертегікітаптары,әңгімелері,ақынжазушылардың өлеңдерінен үзінділер,авторлары мен кейіпкерлерін күнделіктеріне жазып отыруын айтып ,түсіндіру жұмыстарын жүргізді.Қазан айының әр аптасында оқырмандармен кітапханаға барып оқыған шығармаларымен бөлісті.«Менің кітапханадағы бір күнім» тақырыбында шығарма ,эссе жазып өз ойларымен бөлісті.Қатысушы оқырмандар ауылдық кітапхана және мектеп кітапханасымен байланыста болып,көптеген шығармаларды оқып,өз білімдерін кеңейтті.қызығушылығы,бірлесіп жұмыс жасау белсенділіктері артып келеді.Қараша айында оқырмандар «Балдырған» журналына жазылды.Әр оқырман журнал беттеріне төрт жол өлеңдері мен салған суреттері басылымға жіберді.QR кітапхана арқылы оқырмандар балаларға арналған түрлі кітаптар оқыды.Сиқырлы кітаптар әлемі» тақырыбында кітаптар көрмесі болды.Қараша айында «Үздік оқырман» жобасының іс-шараларын педагог - зерттеуші Дияшева Гүлмира өткізді. Желтоқсан айында «Мәнерлі сөз-мәнді сөз» мәнерлеп оқу сайысы өтілді.Сайыста оқырмандар арасынан 4ә сыныбынан Батырғали Дильназ «Алғыс хат», Сергей Шырын «Алғыс хат»марапатталды. «Балаларға базарлық»тақырыбында оқырмандар шығармашылығынан арттыру мақсатында шығармашылық байқау өтілді Желтоқсан айында «Үздік оқырман»жобасының іа-шараларын педагог-зерттеуші Бердимуратова Бейбитгул өткізді.Қаңтар айында «Мақал-сөздің азығы,жұмбақ-ойдың қазығы»тақырыбында мақал-мәтелден сайыс өтілді.Сайыс барысында үздік Мақалды анықталып,марапатталды.Жоба барысында ең көп кітап оқыған оқырман анықталды.»Кітап оқып,сыйлық ал!» кітап оқудан үздіктер анықталды.Қаңтар айында «Үздік оқырман»жобасының іс-шараларын өткізген сарапшы-педагог Қаймақбаева Бейбіт.Ақпан айында «Бір отбасы-бір кітап»айдарында отбасылық кітап оқу шарасы өтілді.Үздік оқырман отбасылар марапатталды.Оқырмандар арасында»Кітапты не үшін оқимыз?»тақырыбында пікірсайыс өтілді.Ақпан айында жоба бойынша іс-шара өткізген педагог -зерттеуші Дияшева Гүлмира. Наурыз айында «Алтын сақа» зияткерлік ойыны өтілді.Өткізген педагог-зерттеуші Келдібаева Шәрбат.Сәуір айында «Мен оқыған бір ертегі» тақырыбында оқыған ертегі желісімен сахналық қойылым көрсетілді.Үздік оқырмандарман «Көгалдағы кітапхана» табиғат аясында кітап оқыған оқырмандар жоба барысында оқыған қызықты кітаптары мен бөлісті.Сәуір айында өтілген шараларды педагог-сарапшы Изтилеуова Жанар өткізді.Мамыр айында жыл бойы жүргізілген «Үздік оқырман»жобасының үздігі анықталды.»Үздік оқырман»жобасының үздігі 3а сынып оқушысы Сергей Шырын марапатталды.Сынып жетекшісі педагог-зерттеуші Бәйдекеш Нұргүл.Батырғали Дильназ,Батырлан Айару,Қалдан Қайсар,Мұстафин Руслан 1,2,3дәрежелі дипломдармен марапатталды.»Үздік оқырман»жобасының жеңімпаздары мектебізде өтілген «Дарынды бала-дара» білімділер шеруінде марапатталды. Дарынды оқушылармен 5- қыркүйек тілдер күніне орай «Тіл – ұлттың жаны» атты іс – шара өткізілді. Шара барысында оқушылар тілге байланысты өлеңдерді мәнерлеп оқып, көрініс көрсетті.Аудандық Төлеген Айбергенов оқуларына 10 сынып оқушысы Бегендік Аяжан «Жүрегімнің лапылдаған отымен» айдары бойынша қатысып, өз шығармашылығынан ақынға арнап өлең шығарып, 2 –орынды иеленді. Сонымен қатар « Тәуелсіз елім – кең байтақ жерім» атты эссе байқауына 10 сынып оқушысы Сұлтанбек Кәусар қатысып, 1- орынды иеленіп, облыстық кезеңнен сертификатқа ие болды.Абдуова Гүлзат 7 - сынып оқушыларына «Ер есімі - ел есінде» тақырыбында айтыскер ақын Оразалы Досполсыновтың өмір жолы мен шығармашылығына арналды.Мектеп бойынша 60 оқушы дарынды балалар болып анықталып, оқушылармен психологтар түрлі тренингтер, сауалнамалар жүргізіп отырды. Дарынды оқушыларды анықтау мақсатында 6-7 класс оқушыларынан дарынды оқушылардың логикалық математикалық- интилектуалдық қабілеттерін анықтау мақсатында тапсырмалар алынды. Психолгтар жүргізген жұмыстары нәтижесі бойынша 4тапсырма 6сұрақтан тұрады. Ең жоғары 16балды 1оқушы, 13-14 балды 2оқушы , 10 балды 1оқушы, 8балды 1оқушы алды. 10 сұрақтан тұратын логикалық тест алынды. 10 балл 2оқушы, 9 балды 5оқушы, қалғаны орташа балл алды. 7-11 кластардан «Ақыл-ойды дамытудың мектептік тесті» әдістемесі алынды. 8-11 кластардан Г. Айзенктің сандық субьтесті және вервалды субьтестері алынды. Мектеп бойынша интеллектуальдық қабілеті жоғары -28 оқушы,шығармашылық қабілеті жоғары-32 оқушы, спортқа

бейім-73 оқушы, әлеуметтік көсбасшы 12 оқушы анықталды. Бұл тапсырмалар оқушылардың есте сақтау қабілетін, ойлау деңгейін,логикалық ойлау қабілетін, тілдік проблемаларын,ой-өрістерін және өз бетінше іздену қабілеттерін тексеруге бағытталған. Шығармашылық, музыкалық дарындылықтары әртүрлі мектепшілік,аудандық, облыстық байқауларға қатысулары арқылы анықталды. Дарынды балалар сонымен қатар спорттық жарыстарға да белсенділігі жоғары «Денсаулық апталығы» іс шараларына арналған спорттық сайыстардан 3 – 11 кластар арасында апталық өткізілді апталықта 3 – 4, 5 – 7, 8 – 11 кл арасында жеңіл атлетикадан және футболдан, волейболдан, секіруден кермеге тартылудан жарыстар өткізіліп, жеңімпаз оқушылар мектеп грамоталарымен марапатталды. Сонымен қатар қыркүйек айында мектеп оқушыларына, аудандық ұлттық мектеп лигасының футбол жарстарына арналған жарыстар мен кездесулер, ұйымдастырылды. 7 а класының оқушысы Әбдіхалық Нұрлан Мәртөк ауданынада өткен облыстық волейбол жарысына қатынасып жүлделі II орын жеңіп алды. Сонымен қатар Әбдіхалық Нұрлан Түлкібас қаласында өткен волейболдан оқу жаттығу жиынында болып келді.8 а класс оқушысы Алданбаева Нұрайша водейболдан Қызылорда қаласында өткен Республикалық жарысқа қатынасып жүлделі III орын иеленді.Оқу жылының соңында «Дарынды бала-дара» тақырыбында мектебіміздегі дарынды балаларды мадақтау мақсатында дарынды балалар шеруін ұйымдастырып жоғары деңгейде өткіздік. Шараға ата- аналар, ардагер ұстаздар ,ауыл әкімі, қамқоршылық кеңестің төрағасы қатынасып әрбір жетістікке жеткен оқушылар марапатталды.

«Байғанин орта мектебі» КММ бойынша дарынды оқушылар мәліметі. 2023-2024 оқу жылы

| № | **Олимпиус жұлдыздары Облыстық, (аудандық , республикалық олимпиада жүлдегерлері)** | **Интелект және талант(шығармашылық, ән, би байқауларының жүлдегерлері ) жұлдыздар** | **Үздік оқырмандар (Мағжан , Абай, Шәкәрім оқуларының жеңімпаздары** | **Олимп жұлдыздары (Спорттық сайыстардың күрес, волейбол,тенис, тоғызқұмалақ ) жүлдегерлері** | **«Жас сарбаздар» жұлдыздары (әскери патриоттық сайыстардың ) жүлдегерлері** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Берікұлы Алмасхан | Абдулла Азият Азатұлы | Әлімбек Мансұр Алмасұлы | Сұлтан Хасна | Есіркеп Ғинаят Нұрәділұлы |
| 2 | Мұрат Ақжол Ержанұлы | Асқар Нұрислам | Еркінқызы Ясмин | Кемелбаева Инабат | Алдаберген Аружан Маратқызы |
| 3 | Батырғали Нұрали Серікұлы | Болат Жаннұр Айгелдіқызы | Ермекқызы Фатима | Көшкінбай Әбдісаттар | Меделбаев Асылмұрат Өскінбайұлы |
| 4 | Дағысов Нарұл Нұрбекұлы | Мауытова Аяулым Нұрлыбекқызы | Төлеухан Көзайым Мақсатқызы | Күреңбай Әли | Бектемір Нұрсәт Ақберенұлы |
| 5 | Сергей Шырын | Елеусіз Айнамкөз Мақсат Мәдиқызы | Сабыт Кәусар Темірбекқызы | Қалмағанбетов Ихсан Бисенғалиұлы | Тұрлыбекқызы Фатима |
| 6 | Сауытова Айзере | Батырғали Дильназ Серікқызы | Түгелбай Қасым Рауанұлы | Оңғарбаев Ербатыр Мұратбайұлы | Әли Іңкар Баубекқызы |
| 7 | Мақсат Камиля | Мәжи Айзере Өскінбайқызы | Байжұма Айару | Жанаева Әсемай Бақбергенқызы | Алдамбергенова Аягөз Мақсатқызы |
| 8 | Егізбай Айару | Қаржаубаева Айару | Сәбитұлы Нұрислам | Төреғали Қуаныш | Түзелбай Інжу Досымжанқызы |
| 9 | Абдулла Айзат | Маралбек Мадияр Жасұланұлы | Әли Айару Баубекқызы | Жолболды Нұрасыл | Шомбалов Ербол |
| 10 | Серікбаева Хиуаз | Аман Абдрахман | Дүйсен Раяна | Алдиярова | Сырлыбекқызы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мұқтарқызы | Нұрболұлы | | Нұрбақыт | Дильназ |
| 11 | Ерсайын Нұржан Нұрасылұлы | Төлеухан Айсара Мақсатқызы | Қабиева Аянат Бағдатқызы | | Батырғали Саян Құттыбекұлы |
| 12 | Құлназар Жомарт | Ермұханбет ҰланДәуренұлы | Ермекқызы Уммукулсум | Қаршыға Батыржан | |
| 13 | | Алматұлы Санжар | Өтеулі Ақерке Нұрсұлтанқызы | Жолболды Нұралы Жәрдембайұлы | |
| 14 | Мұстафин Руслан | Қалмағанбетов Исмайыл Бисенғалиұлы | Жеңіс Бағлан Асыланұлы | Жолболды Ералы Жәрдембайұлы | |
| 15 | Теңелбек Азиз Дарханұлы | Қалдан Қайсар Нұртілекұлы | Мақсат Жасмин Нұрсұлтанқызы | Естілеу Әлихан Асауұлы | |
| 16 | Батырғалиев Мұхтар Құттыбекұлы | Нұрлыбеков Шадияр Нұрқанатұлы | Бақтыбай Нұрқадір Берікұлы | Еркінұлы Иманәлі | |
| 17 | Жолдыбай Ұлан Хамитұлы | Айтжан Нұржайна | Тәңірбергенов Жігер Асанәліұлы | Бақтыбай Инабат Берікқызы | |
| 18 | Дағысова Ілия Нұрбекқызы | Серкебай Ернар Мұратұлы | Жайлаубаев Ислам Маратұлы | Естілеуова Аягөз Асанқызы | |
| 19 | Қалдан Нұралы Нұртілекұлы | Зейнов Әділет Әлібекұлы | Досан Сабина Нұрқайырқызы | Нұрлыбек Ерқанат Нұрқанатұлы | |
| 20 | Көздібай Нұрдос Даниярұлы | Бақтыбеков Мирас Бексұлтанұлы | Бақтыбеков Мирас Бексұлтанұлы | | |
| 21 | Тілектес Нұр-Айдын | Бердібекова Жанерке Жасұланқызы | Ізберген Ақбота Бақбергенқызы | Жолболды Бибарыс Жәрдембайұлы | |
| 22 | Сергей Алихан Гайдарұлы | Сағынай Мұхаммеджан Асхатұлы | Күреңбаев Айхан Әлібекұлы | | |
| 23 | Бектілеу Зерде Бақытқызы | Жаңабай Нұрайым | Ерсайын Нұрмұханбет Нұрасылұлы | Егізбай Гүлсезім Бауыржанқызы | |
| 24 | Теңелбек Ерхан Дарханұлы | Мәтжан Еркеназ | Ербол Зере | Болатбекқызы Сылдыр | |
| 25 | Батырғали Мұхаммедәли Серікұлы | Ерболатова Аружан | Досан Айару | Сұлтанова Саягүл | |
| 26 | Қаржаубаев Заманбек Анарбекұлы | Жүндібай Медина | Сабыт Парасат | Сұлтан Абдулла Қазиұлы | |
| 27 | Орақ Нұрмағанбет Ернарұлы | Орысбаева Ару Ақзатқызы | Құлназар Алина | Әбдіқалық Нұрлан Қанатұлы | |
| 28 | Түгелбай Ақерке Рауанқызы | Қозыбай Әмірхан | Тәжіғос Амина | Түзелбай Бейбарыс Досымжанұлы | |
| 29 | Сауытова Дильназ Ерланқызы | Нұрбекқызы Айнара | Байжұма Талғат | Батырғалиева Кәусар Серікқызы | |
| 30 | Еркінұлы Мұхаммедәли | Сағынбай Айгерім | Әлімбек Раяна | Мауытова Еркеназ Нұрлыбекқызы | |
| 31 | Байдау Дильназ Байұзаққызы | Ержанова Сезім Талғатқызы | Мәтжан Иманәлі | Төлекбай Нұрсәт Мейрамбайұлы | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 32 | Серікбаев Балғынбек Мұхтарұлы | Дүйсен Айару Батырланқызы | Бітісова Мехрима | Алданбаева Нұрайша Қаржаубайқызы | |
| 33 | Бердібеков Мейіржан Жасұланұлы | Ержанова Нурикамал Саматқызы | Тұрлыбекқызы Әсима | Абат Аружан Айбекқызы | |
| 34 | Төлекбай Аянат Искендировна | Ержанов Расул Талғатұлы | Түгелбай Кәусар Рауанқызы | Әбдіраманова Інжу Бауыржанқызы | |
| 35 | Сауыт Мирас Ерланұлы | Аманова Айару Оралбекқызы | Ерболқызы Ақниет | Шопер Ердәулет Серікұлы | |
| 36 | Тұрлыбай Аянат Ғабитқызы | Аманкелді Нұрайна | Бақытжан Әсима | Күреңбаев Нұрдос Келдібайұлы | |
| 37 | Бегендік Аяжан Молдаханқызы | Досан Айгерім | Айбек Аяулым | Орақ Әбділәзиз Ернарұлы | |
| 38 | Мауытова Гүлсезім Нұрлыбекқызы | Біржанова Бегімсұлу | Бітісова Мехрима | Алматұлы Мадияр | |
| 39 | Сұлтанбек Кәусар Сәндібекқызы | | Теңелбек Ерлен Дарханұлы | Ыхыласов Абдурафи | |
| 40 | Естілеу Айгерім Асауқызы | Сұлтан Хабиба Таңжарбайқызы | Есіркеп Мұнар Нұрәділұлы | Түгелбай Саламат Рауанұлы | |
| 41 | Сәбитқызы Сафия | Айтжан Оразгүл | | Естілеу Айбар Асауұлы | |
| 42 | Бегендік Нұр Молдаханұлы | Жақсыбаева  Гүлнұр Айгелдіқызы | | Тайшыбаев Рахат Қуандықұлы | |
| 43 | | Исабек Асылым | | Құлназар Қасым Жанатұлы | |
| 44 | | Көшкінбай Жанерке | | Шегіров Азамат | |
| 45 | | Айтжан Оразгүл | | Тілектес Иманғали Сырымұлы | |
| 46 | | Көшкінбай Жанерке | | Шауқарбай Маржан Еркінқызы | |
| 47 | | Ержанов Ордабай Саматұлы | | Сансызбайқызы Арайлым | |
| 48 | | Қалдымұрат Ақмоншақ Нұрбекқызы | | Тұрлыбай Нұрхан Ғабитұлы | |
| 49 | | Тұрлыбекқызы Сабина | | | |
| 50 | | Тауанов Ернұр Жасұланұлы | | | |
| 51 | | Ержанов Махамбет Талғатұлы | | | |
| 52 | | Бекжанқызы Асылай | | | |
| 53 | | Жаңбырбаева Диана Мақсатқызы | | | |

«Байғанин орта мектебі» КММ бойынша жалпы орта білім туралы
«Алтын белгі» алған түлектер үлесі

| № | Оқу жылы | Түлек саны | Алтын белгі иегері | Үлесі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2023-2024 | 24 | 2 | 8% |




| № | Оқу жылы | «Алтын белгі» иегерлері |
|---|---|---|
| 1 | 2023-2024 | Естілеу Айгерім Асауқызы<br>Тілектес Қазына Сырымқызы |



Естілеу Айгерім Асауқызы 2006 жылдың 14 желтоқсанында Байғанин ауданы Жарлы селосында дүниеге келді.  2013 жылы алғаш мектеп табалдырығын аттады. Мектеп өмірінде қоғамдық шараларға белсене араласып,мектеп президенті қызметін атқарды.

Математикадан аудандық,облыстық сайыстарға қатынасып,жүлделі орындарды жеңіп алып жүрді.Сол еңбегінің нәтижесі 2024 жылы мектепті “Алтын белгімен” аяқтады.

Жетістіктері:Республикалықғылымижобаларконкурсынан 3 орын,

РеспубликалықЗердеконкурсыныңоблыстықкезеңімақтауқағазы (2016)

Республикалық Зердеконкурсыныңоблыстықкезеңі 3 орын (2017)

“Шығармашылықәлемі” республикалық фестиваль-байқауыБас жүлде (2019)

“Тұлпармініп,туалған!” Диплом (2019)

“Абай” пәндіколимпиадасыматематикадан 3 орын (2022)

Жалпыбілімберетінпәндербойыншареспубликалықолимпиаданыңаудандықкезеңі математика 3 орын (2023-2024)

“Алтын түлек “ олимпиадасыаудандықкезеңі 2 орын (2023-2024)

“ӘуеқорғаныскүштеріӘскери Институт “ұйымдастырғанолимпиадасы 3 орын (2024)

“Еңүздікоқушы “ жобасы сертификат(2024)

Математика пәніноқыпүйренудегіерекшежетістігіүшінмақтаугроматосы

Мектеп директорынанАлғыс хат (2024 )



Тілектес Қазына Сырымқызы 2007 жылы 12 наурызда Байғанин ауданы,Жарлы ауылында дүниеге келді.2013 жылы алғаш мектеп табалдырығын аттады.Мектеп қабырғасында үнемі белсенді болып,шараларға қатысты.Қазақстан тарихы,ағылшын пәндерінен аудандық олимпиадаларға қатысып,жүлделі орындар алды.Үнемі үздік оқып,2024жылғы оқу жылын "Алтын белгі" иегері атанып аяқтады.

Жетістіктері:Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде Қазақстан тарихы пәні бойынша 3орын.Абай пәндік олимпиадасы 2-орын. "Ел ертеңі-білімді ұрпақ"зияткерлік ойынына қатысқаны үшін Мақтау қағаз.Дебат сайысында 1-орын "Шамшырағы қазақтың ұлы Абай"білім сайысында 1-орын."Тұлпар мініп,ту алған!"байқауында белсенді қатысқаны үшін Диплом."Золотое руно"конкурсынан 2-орын.Ағылшын пәнін үйренуде ерекше жетістік үшін мектеп директорынан Мақтау грамотасы.

**4. Оқу – әдістемелік жұмыстар.**

Қазақстандық мектептерді жаңарту тұжырымдамасы жалпы білім берудің басым бағыттарын, оқушы мен оқытушының өзара ынтымақтастығы оқу процесінде қалыптастыру мен әр түрлі оқу іс-әрекетін қамтитын оқыту әдістерінің үйлесімділігі негізінде жүзеге асырылуы тиіс екендігін анықтап беріп отыр.Бұл басым бағыттар мектепте білім беруді дамытуға негіз болады.Осыған орай мектептің әр сатысында оқыту мен тәрбие берудің мақсаты, білім мазмұнын іріктеу ұстанымдары, сондай-ақ, оқушылардың дайындық сапасын бағалау тәсілдері нақтыланады.Бүгінгі таңда мектептің алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру-барлық педагогикалық ұжымдардың бірігуін талап етеді.Тұлғаға бағытталған сабақ оқушылардың тұлғалық ерекшеліктері ашылатын, қасиеттері қалыптасатын мүмкіндіктері жүзеге асырылатын оқыту жағдайы.Әр оқушының болмысы арқылы дамытушылық, шығармашылық ойлау, өз бетінше шешім қабылдау қабілетінің қалыптасуы тиіс.

Осыған орай оқыту технологияларын жаңарту, педагогикалық мамандарының шығармашылық бастамасына қолдау жасау талап етілуде.Жеке тұлға қалыптастыруда жаңаша оқыту әдіс-тәсілдерін

іздестіру пәндік білім аймағында игерілетін білімдерімен анықталады.Мұғалімге қазіргі заман технологияларын игеру мәселесіне көбірек көңіл бөлінуде.
Ғылыми-әдістемелік бірлестіктің жоспары әдістемелік жұмыстар жөнінде мектептің жылдық жоспарында бекітілген жұмыстарды басшылыққа ала отырып жасалды.
Ғылыми-әдістемелік бірлестік **«Тиімді технологиялық оқытуды қолдану арқылы оқушылардың білім деңгейін көтеруді қамтамасыз етіп, ғылыми және танымдық қызығушылығын қалыптастыру, ұстаздардың кәсіби біліктілігі мен падагогикалық шеберлігін арттыру»** тақырыбында жұмыс жасайды.

**Мақсаты:**

Мұғалімдерге оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде, оларды шығармашылық әрекетке баулуда білім беруде саласындағы жаңалықтарды, озық педагогикалық тәжірибе зерттеп, жинақтап, таратуда, кәсіби біліктілігі мен теориялық білім деңгейін көтеру ісінде нақты ғылыми-әдістемелік көмек көрсету.

**Негізгі міндеттері:**

-Мектептің педагогикалық ұжымы іс-әрекетінің жаңашылдық бағыттылығын қалыптастыру;
-Мұғалімдердің теориялық және педагогикалық-психологиялық даярлық деңгейін көтеру;
-Оқыту мен тәрбиені ұйымдастырудың жаңа формаларын, әдістерін педагогикалық технологияларымен байыту;
-Педагог қызметін ғылыми-әдістемелік тұрғыдан талдау, бағалауда көмек көрсету.
-Мұғалімдер мен оқушыларды ғылыми-зерттеушілік, шығармашылық жұмыстарға баулу;
-Мұғалімдердің педагогикалық білімін өз бетінше көтеруіне, іс-тәжірибелерін таратуға жағдай жасап, нақты практикалық мақсатқа жетуге бағыттау:

**Нәтижесінде:**

Білім беруді модернизациялау жағдайында педагог кадрлардың біліктілігін арттыруға жаңаша көзқарас қалыптастыру;
Қазақстанда бәсекелестікке лайықты оқытудың жаңа инновациялық технологияларын пайдаланып білім берудің сапасын көтеру;
Жалпы азаматтық құндылықтарды меңгерген, жан-жақты дамыған, экономикалық ойлау қабілеті қалыптасқан,бәсекелестікке дайын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу.

**Жұмыс бағыттары:**

-Мектеп мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін арттыру;
-Инновациялық-педагогикалық технологияларды пайдалану;
-Оқушылардың шығармашылық қабілентін арттыру;
-Пәндік апталықтар.

**Мектеп мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін арттыру.**

-Оқыту әдістемесін жетілдіру;
-Озат тәжірибе жинақтау, тарату;
-Сабаққа қатысу.Өзара тәжірибе валмасу.

**Ақпараттандыру мәселелерін талқылау.**

-Шығармашыл мұғалімдер тобы;
-Жас мамандар тобы;
-Біліктілікті арттыру курстары.

**Оқушылармен жұмыс.**

-Олимпиада;
-Ғылыми жобалар, сайыстар;
-Кәсіби бағдар.

**Жалпыға бірдей міндетті білім беру стандарттарының орындалуы**

**Бастауыш деңгей бойынша:**

Вариативтік компонеттен 1-4 сыныптарда математикалық сауаттылықты, математикалық сөйлеуді дамытуға бағытталған **«Математика және логика»** тақырыбында оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру, функционалдық логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру мақсатында **1 сыныптарға** 1 сағаттан - **2** оқу сағаты, **2 сыныптарға** 1 сағаттан - **2** оқу сағаты, **3 сыныптарға** 1 сағаттан - **2** оқу сағаты, 4 **сыныптарға** 1 сағаттан - **2** оқу сағаты, ауыз екі тілді дамыту, оқушыларды сауатты жазуға үйрету мақсатында **«Жұмбақтар сандығы»** тақырыбында **2 сыныптарға** 1 сағаттан - **2** оқу сағаты берілді. Бастауыш деңгей бойынша барлығы **10** оқу сағаты берілді.

**Негізгі деңгей бойынша:**
Вариативтік компонеттен **«Жаһандық құзыреттілік»** курсын білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыруға **5-8 сыныптарға** 0,5 сағаттан-**4** оқу сағаты, **9 сыныптарға** 1 сағаттан - **2** оқу сағаты берілді.
Негізгі деңгей бойынша барлығы **6** оқу сағаты берілді.

**Жоғары деңгей бойынша:**
Вариативтік компонеттен 10-11 сыныптарға **«Жаһандық құзыреттілік»** курсын білім алушылардың кәсіпкерлік, экономика, менеджмент және маркетинг негіздері бойынша базалық білім алуы; өз таңдауы үшін жауапкершілікке дағдыландыру және кәсіпкерлік тұрғыда ойлауын, белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру; қазіргі нарықтық жағдайларда болашақ дербес қызмет үшін дағдылардың практикалық базасын құру мақсатында **10-11 сыныптарға** 1 сағаттан - **2** оқу сағаты берілді. **Элективті курстар** негізінде **«Математикалық сауаттылық»** тақырыбында математикалық логика элементтерін теориялық негіздеу, оқу мотивациясын арттыру, функционалдық сауаттылыққа бағыттау мақсатында **10 сыныптарға** 1 сағаттан - **1** оқу сағаты, **«Микробиология және медицина»** тақырыбында денсаулық сақтау, ауыл, халық шаруашылығы, ветеринарлық, экологиялық, өндірістік микроорганизмдердің өз ерекшеліктері мен дамуы бар екендігін түсіндіріу мақсатында **10 сыныптарға** 1 сағаттан - **1** оқу сағаты. **Элективті курстар** негізінде **«ҰБТ есептері»** тақырыбында ҰБТ есептерін шығару, тест нәтижесіне бейімдеу мақсатында **11 сыныптарға** 1 сағаттан - **1** оқу сағаты, **«Генетика және медицина»** тақырыбында биология пәні бойынша генетикадан есептер шығару және медициналық генетика мен кейбір тұқым қуалайтын аурулардың алдын алу үшін сақтандыру мақсатында **11 сыныптарға** 1 сағаттан - **1** оқу сағаты берілді.
Жоғары деңгей бойынша барлығы **6** оқу сағаты берілді.

## Мектептің тәрбие жұмысы жүйесі

**Тәрбие жұмысының мақсаты:** Оқушының дүниетанымдық қабілетін қалыптастыру және дамыту арқылы оқу мен тәрбие жұмысында жаңашыл іс-әрекетпен шығармашыл тұлға тәрбиелеу.
2015-2016 жылға МОН РК Жалпы білім беру ұйымдарында оқушыларды тәрбиелеу тұжырымдамасы негізінде тәрбие жұмыстарының жоспары бекітілген.

1. Қазақстандық патриоттизм және азаматтық, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие, еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
3. Отбасы тәрбиесі
4. Ұлттық тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Зияткерлік тәрбие,ақпараттық мәдениет тәрбиесі.
7. Көпмәдениетті және көркем –эстетикалық тәрбие.
8. Дене тәрбиесі,салауатты өмір салты тәрбие бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді.

Тәрбие үдерісі - бұл тұлғаның тәрбиелік деңгейі, ол оқушының қоршаған әлеуметтік ортамен және жалпы қоғаммен әрекеттестікке дайындығымен сипатталады. Осы дайындықты анықтау және айқындау үшін диагностика-оқушының даму үдерісі мен нәтижелеріне талдау жүргіземіз. Ұрпағымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеу мақсатында сынып жетекшілер оқушының тәрбиелік деңгейін бақылайды.

Мектепте 1-11 сынып аралығында 20 сынып комплектісі бар, 1-4-сыныптарда 8 сынып, 5-9-сыныптарда 10 сынып, 10-11-сыныптарда 2 сынып.

Тәрбие жұмысын тиімділікпен ұйымдастыру мақсатында мектепте сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі жұмыс істейді. Сынып жетекшілердің барлығы жоғары білімді, бірлестік бекітілген жоспар бойынша жұмыстар атқарды.
Жыл бойы мектепте төмендегідей тақырыптарды қамтитын 2 семинар өтті:
1. Тәрбие жұмысын жоспарлау.
   Тәрбие жүйесі,сыныптағы тәрбие жұмысын ұйымдастырудың тиімді әдістері ретінде.
   Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағытының жұмыс жүйесі.
2. Жасөспірімдер арасында ұшырасатын суицид көріністерінің алдын алу;
   Тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттырудағы ата-аналар жиналысының рөлі;
   Тәрбие сағатын талдау үлгісі мен ұйымдастыру жолдары.
   Сынып жетекшінің портфолиосы.
   Оқушы күнделіктерінің жағдайы.

**Азаматтық, патриоттық, құқықтық және полимәдениеттік тәрбие** беру барысында оқушыларға ҚР мемлекеттік рәміздерін бағалап, ҚР Конституцияны құрметтеуге баулу жұмыстары атқарылды. Ана тіліне деген құрмет пен сүйіспеншілікті нығайту, өз құқықтарын мен міндеттерін біле келе жауапкершілікті сезіну, өз Отанының патриоты болуға тәрбие беру міндеттелді. Оқушылар арасында мектепте құқықтық жалпы білім беру жұмысы жүргізілді.
«Жасөспірімдер арасындағы бұзақылық» тақырыбында мектеп оқушылары арасында ОДН қызметкерлерімен жиналыс өткізіліп, жиналысқа 47 ұл балалар қатысты.
Жасөспірімдер арасындағы қылмыстық істердің алдын алу мақсатында: «Мектептегі әлімжеттілік» тақырыбына 5-11 сынып оқушыларынан сауалнама алынып, қорытындысы бойынша мектепте жоғарғы сынып оқушылары арасында күш көрсететін, бопсалауға бейім оқушылардың бар екендігі анықталып, ата-аналармен және анықталған оқушылармен жұмыс жүргізілді.
«Зорлық- зомбылықсыз балалық шақ» тақырыпта 8-11 сыныптарда сынып сағаттары өткізілді.
5-8 сыптарда «Мен және менің құқығым» атты тәрбие сағаттары өткізілді.
9-11 сыныптарында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!», «Жасөспірім және қылмыс», «Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы» тақырыптарында лекциялар оқылып, талқыланды.

Преподавателидің, психологтардың, мектеп инспекторының оқушылар арасында қауіпсіз қарым-қатынас орнату бойынша бірлескен жүйелі жұмысы жолға қойылған. Оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша педагогикалық ұжымның, оқушылардың алаңдаушылық деңгейін айқындау бойынша бірнеше жұмыстар атқарылды, мектепішілік есепте тұрған ерекше назардағы 2 – оқушы мектептің қоғамдық жұмыстарына қатыстырылып, үйірме, спорт секцияларына тартылып үнемі назарда.
Психологтар мен сынып жетекшісі тарапынан оқушыларына сынып жетекшісімен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, психолог бірлесе отырып, отбасына зерттеу актісі толтырылды және жеке мінездеме жазылды. Кәмелеттік жасқа толмағандар ісі жөніндегі инспектормен бірлесе отырып әңгімелер жүргізіп, хаттамалары тіркелген.
8-11 - сыныптар арасында Еңбекшіқазақ ауданының АІБ-нің инспекторы полиция қызметкерлерімен Ерғалиев.Р мен Базаров.Б қатысуымен «Жасөспірім қылмыскер қайдан шығады?» деген тақырыптарда онлайн семинар өтті.

ҚР Рәміздерін бағалауға «Мемлекеттік Рәміздерін насихаттау мен және қолдану» бойынша, «Рухты асқақтатар Рәміздер» атты тақырыптарда сынып сағаттары өткіліп, «Сен мемлекеттік Рәміздерді білесің бе?» сауалнама алынды. «Тарихтан туған рәміздер» тақырыбында видео челлендж бен «Государственные символы-еліміздің нышаны» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Сонымен қатар «Рәміздер-рухымыз,арожданымыз» тақырыбында эссе байқауы өтті.
АӘД пәнінің мұғалімі Қарашбай Ақылбек жетекшілік етуімен 10,11 сынып оқушылары облыстық «Айбын 2023» жарысына қатысып жүлделі 3-орынды иеленді.

**Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу** бойынша негізгі міндеті адамгершілік мінез-құлық әдеттерін, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру болып табылады.
«Қарттарым, аман – саумысың!?» Әңгіме – сұхбат, акция ұйымдастыру. Акция барысында оқушылар мектебіміздің ардагер ұстаздары Қалиева Гүлжан, Омарова Гүлшат мен Әкімова Алмагүл мейраммен құттықтап қайтты.
Оқушыларды қайырымдылыққа, адамгершіллікке , жақсы үлгі өнегеге, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу қасиеттеріне , мейірімділікке, тәрбиелеу мақсатында 1-11 сыныптарында «Қарттарым – асыл қазынам» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Мектебімізде желтоқсан айында өткізілген «30 игі іс » акциясында аз қамтылған отбасы балаларына мектеп ұстаздары мен ата – аналары тарапынан азық түлік пен киім –кешектер берілді.
**Отбасы тәрбиесінің** міндеті балалардың өз туыстарының кемшіліктеріне шыдамдылық көрсетуін қалыптастыру, өзін отбасының тең құқылы бір мүшесі ретінде сезінуіне, ересек адам ретінде отбасында пікір айта алуына дағдыландыру.
Осы бағыт бойынша мектепте көзделген төмендегі іс-шаралар іске асырылды. Жаңа оқу жылында 1,10 сыныптарға келісім-шартқа қол қойылды. Онда ата-аналардың, оқушылардың және мектептің міндеттері, құқықтары және жауапкершілігі туралы жазылып, түсініктемелері берілді. Ішкі істер қызметкерлерімен оқушыларды қоғамдағы болып жатқан келеңсіз жағдайлардан сақтандыру мақсатында «Жасөспірім және қылмыс» атты кездесу сағаттары өткізіліп оқушылардың сұрақтарына жауап берді.
Мектепте «Ерте жүктіліктің алдын алу » тақырыбымен семинар ұйымдастырылып, 6-11-сынып қыздарымен мектеп медбикесімен Дүйсенбай Ардақ өз кеңестерімен бөлісті.
Ата – аналар оқу сапасын арттыру бойынша іс –шаралар өткізуге ат салысты, мысалы, бастауыштың 1 сынып оқушыларының қатысуымен «Қош бол, Әліппем», мерекелік бағдарламалар ұйымдастырылып бала мен ата-ананың байланысы нығайды.
Ата –аналар мектепішілік іс-шараларды өткізуге, ата-аналар жиналыстарына қатысып, балалардың оқудағы жетістіктері ата-аналар жиналыстарында талданды және талқыланды.

**Ұлттық тәрбие.** Қазақстан Республикасының 7-қыркүйек Тіл мерекесіне орай «Ұлттың ұлы ұстазы» атты онкүндіктің іс-шара жоспары құрылып, мектеп директорымен бекітілді. Қазақ тілі, орыс тілі және шет тілі пән мұғалімдері «Дәуірдің жарық жұлдызы» Эссе жазу байқауы 8-9 сыныптар «Адам болам десеңіз...»Ақынның мысалында мәнерлеп оқу мен Конкурс сочинений на темы: «Язык – это окно в новый мир»,
«Язык – живая душа народа», «Ты таков, какова твоя речь» Конкурс чтецов «Горжусь тобой, мой Казахстан!» (5 – 6 кл.) атты сабақтан тыс іс-шараларын өткізді.
**Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық** тәрбие бағыттары жаңа мазмұнда енгізілген бағыттар. Әлеуметтік –мәнді және жеке қасиеттерін қалыптастыру бағыты бойынша адам - ең жоғарғы құндылық екенін оқушыға түсіндіру болып келеді. Ең ұлы жеңіс өзінді-өзің жеңу, өзіне - өзі ие бола білген адам ғана барша жұрттан күшті. Әрбір адамның қоғамдағы алатын өзіндік мәртебесі, өз орны бар екеніне сендіру. Осыған орай бұл бағыттар бойынша жоспарға сай бірнеше жұмыстар қамтылды. Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына орай «Алғашқы ұстаз, алғашқы дана бабам» атты тақырыпта әдеби кеш өтті. « Абай дана, Абай дара қазақта» атты мәнерлеп оқу жарысы өтіп,оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталды.

«Дәуірдің жарық жұлдызы – Ахмет Байтұрсынұлы » атты 9-11 сыныптар арасында әдеби кеш өткізілді. Кеште оқушылар ақындардың өлеңдері мен жырларын жатқа айтып,өмірлерінен көрініс көрсетті.

**Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие** берудің міндеті табиғат тағдыры үшін тұлғаның жауапкершілік сезімін қалыптастыру, жанашырлық сезімін ояту,адам мен қоршаған ортаның біртұтастығын сана сезімдеріне дағдыландыру.
Еңбек, экономика және экологиялық тәрбие бағытындаміндеті нарықтық экономиканың негізгі заңдары жайлы білімдерін қалыптастыру, жасөспірімдердің өзіне-өзі қызмет көрсету шеберлігін және дағдыларын игере отырып көзделген мақсатқа жетуді, шыдамдылықты қалыптастыру болып табылады. Осы бағыттың аясында мектебіміздің оқушылары әр түрлі жарыстарға қатысып жүлделі орындарға ие болды.

Атап айтсақ: «Берекелі алтын күз» атты республикалық балалар мен жасөспірімдер арасындағы «Өнер Байқауы» «Бейнелеу өнері» наминациясы бойынша және «Арайлы күз, алтын күз», «Дала жұлдызы» 2 хаықаралық онлайн балалар мен жасөспірімдер байқауына қатысып 1,2,3 дипломдармен Мауытова Гүлсезім,Тауанов Ернұр, Бегендік Аяулым марапатталды.

**Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі** әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін,көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңестік қалыптастыру мақсатында «Өзін-өзі басқару» күнін өткізіп, мектеп президентін етіп 10 сынып оқушысы Естілеу Айгерім сайланды.
Оқушылардың өзін – өзі тану қабілетін зерттеу мақсатында мектеп психологтары үнемі жұмыстар жүргізеді.
5-9 сыныптар арасында Тәуелсіздік күніне арналған «Елім менің» ән байқауы мен баскетбол ойынынан жарыстар ұйымдастырылып,өткізілді.
Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес зияткерлік, спорттық іс-шаралар жүйесі жүргізіліп жатыр. Балалардың сыныптан тыс жұмысқа қатысуын ынталандыру жүйесі бар. Сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу мұғалімнің көмегімен жүзеге асырылады және оқушы тұлғасын дамытуға бағытталған.

**Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру тәрбиесінде** алға қойылған міндеті оқушы бойында теріс әсерлерге қарсы тура алу қабілетін қалыптастыру, дене еңбегі, психикалық түсініктерін қалыптастыру болып табылады. Осы міндетті орындау барысы бойынша жоспарда көзделген төмендегідей іс-шаралар өткізілді: «Белсенді өмір – жүз жастық ғұмыр!» атты тақырыпта 6-сыныптар арасында көңілді сөре мен 8-10 сыныптар арасында баскетболдан жарыс ұйымдастырылып, өткізілді.
Мектебіміздіңспортшы оқушылары да әр түрлі спорт түрлерінен жарыстарға қатысып жүлделі орындар мен оралуда.
Қыздар арасында аудандық волейбол жарысы өткізіліп, мектебіміздін 7сынып жүлделі І орын иегері атанды.
«Ойнай білмеген – ойлай білмейді» атты шахматтан аудандық ашық біріншілігінде командалық есепте ІІ орынды иеленді.
Ақтөбе қаласы 1-желтоқсан Қазақстанның тұңғыш Президент күніне орай өткізілген жарысқа 3,7 сынып оқушылары қатысып, мақтау қағаздарымен марапатталды.
8-сынып оқушылары облыстық еркін күрестен Естілеу Айбар, Бектемір Нұрсәт облыс жеңімпаздары болды.

## ҚОРЫТЫНДЫ:

*Қорыта келгенде,* сыныптар бойынша тәрбие жұмысы көздеген мақсатқа жетті. Жоспарланған іс-шаралар, ашық тәрбие сағаттары өтіліп, талданды.

*Ұсыным:*

1.Сынып сағаттары мен ашық тәрбие сағаттарын өтуде тәрбие жұмысының формасы түрленсін;

2.Оқушыларды жан-жақты үйлесімді дамыған жеке тұлға ретінде қалыптастырып дамытуда сыныптан, сабақтан тыс іс-шараларға, түрлі байқаулар мен спорттық жарыстарға жиі қатыстырылсын;

3.Мектептің тәрбие жұмысының жылдық жоспарын, тәрбие жұмысының мақсатын жүзеге асыру «Үздік оқушы» анықтау барысында сапалы жұмыстар атқарылсын.

**Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мен**
**тәлімгер, психолог, әлеуметтңк педагог жөніндегі мәлімет**

| № | Аты-жөні | Атқаратын қызметі | Ставкасы | Жалпы педагогикалық еңбек өтілі | Атқаратын қызметі бойынша еңбек өтілі | Пәні | Санаты |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Жаманбай Есімхан Мырзабайұлы | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары | толық | 8 | 1 | Қазақ тілі мен әдебиеті | Педагог-сарапшы |
| 2 | Абдуова Гүлзат Қайратқызы | Аға тәлімгер | толық | 16 | 16 | Қазақ тілі мен әдебиеті | |
| 3 | Султангубиева Эльзива Кайыргалиевна | Психолог | толық | 17 | 17 | | |
| 4 | Қонысова Жайнагул Айдынгалиевна | Әлеуметтік педагог | толық | 29 | 29 | | Педагог-зерттеу ші |
| 5 | Егізбай Ақбота Бауыржанқызы | Психолог | жарты | 1 | 1 | | |

**Оқу-тәрбие процесінде психологиялық қызметке байланысты жасалған жұмыстың статистикалық есебі**

2023-2024 оқу жылы

1. Кеңес беру барлығы- 12 , оқушылармен- 7, педагогтармен - 2, ата-анамен- 3.

2.Ағартушылық жұмыс барлығы - 10, оқушыларға -7 , педагогтарға- 1, ата-ана -3.

3.Түзете-дамыту жұмыс барлығы - 20, жеке-15 , топтық -5..

4.Диагностикалық жұмыс барлығы - 25, жеке - 15, топтық- 10 жұмыстары жүргізілді.

| 2023-2024 оқу жылы | | Барлығы | Оқушылар | | Педагогтар | Ата-ана |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Кеңес беру | 12 | 7 | | 2 | 3 |
| | Ағартушылық жұмыс | 10 | 7 | | 1 | 3 |
| | Түзету-дамыту жұмысы | Барлық | Жеке | Топтық | Топтық | Топтық |
| | | 20 | 15 | 5 | | |
| | Диагностика | Барлық | Жеке | Топтық | Топтық | Топтық |
| | | 25 | 15 | 10 | | |

## 5.Оқу-материалдық активтер

| | |
|---|---|
| **Тіркелген мекен-жайы** | 030304, Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жарлы ауылы, Ардагерлер көшесі №2 үй |
| **Байланыс телефондары, электрондық мекенжайы** | 8 713 45 25325<br>bom_74@mail.ru<br>bom_74@mail.kz |
| **Ашылған уақыты** | 1974 ж. |
| **Мектеп директоры** | Есказиева Нурсая Нурбаулиевна |
| **Мектеп территориясының жалпы аумағы** | 1,5241 га. |
| **Мектеп ғимаратының аумағы** | 2625,5 $м^2$ |
| **Жобалық қуат** | 320 орындық |
| **Нысанның қызмет түрі** | Жалпы білім беру ұйымы |
| **Оқыту тілі** | қазақша |
| **Оқушы саны** | .2023-2024о.ж.<br>Барлығы – 396 оқушы<br>Қазақ класында – 396 оқушы<br>1-ауысымда – 206<br>2-ауысымда – 190<br>Класс комлекті саны – 20+2МАД<br>1-4 кластар – 8<br>5-9 кластар – 10<br>10-11 кластар – 2<br>МАД – 40 оқушы<br>1-ауысымда – 21<br>2-ауысымда – 19 |
| **Мұғалімдер саны** | 2023-2024о.ж.<br>Мұғалім саны- 62<br>Жоғары білімді – 52<br>Арнаулы орта білімді – 10<br>Бірінші санатты – 1<br>Педагог-шебер – 1<br>Педагог-зерттеуші – 19<br>Педагог-сарапшы – 12<br>Педагог-модератор – 14 |
| **Барлық кабинеттің саны: (тарих-1, геграфия-1 т.б.)** | Мектепте жалпы 15 оқу кабинеті бар. Жабдықталған арнайы оқу кабинеттері: физика кабинеті-1, химия кабинеті-1, биология кабинеті-1, информатика кабинеті-1, робототехника кабинеті, технология ер балалар үшін кабинет-1, технология қыз балалар үшін кабинет-1. Жай кабинеттер тарих кабинеті-1, география кабинеті-1, орыс тілі кабинеті-1, математика кабинеті-1 (демеуші арқылы жабдықталған), қазақ тілі-1 (демеуші арқылы жабдықталған) кабинеті бар. Сонымен қатар мектепте 1 спорт залы және 1 мәжіліс залы, 1 кітапхана бар. Алғашқы әскери дайындық пәніне арналған 1 оқу кабинеті бар. Мектеп асханасы - |

| | |
|---|---|
| | 80 орындық. Мәжіліс залы – 72 орындық. |
| **Жаңа үлгідегі оқу кабинеттері туралы ақпарат** | Жабдықталған арнайы оқу кабинеттері: физика кабинеті-1, химия кабинеті-1, биология кабинеті-1, информатика кабинеті-1, робототехника кабинеті, технология ер балалар үшін кабинет-1. |
| **Мектеп туралы ақпарат (қабаты, қай жылы салынған, сыйымдылығы т.б.)** | Мектеп типтік, 2 қабаттан тұратын мекемеде орналасқан. 1974 жылы салынған, сыйымдылығы 320 орындық. |
| **Спорт залының болуы (бар, жоқ)** |     |
| **Мәжіліс залының болуы (бар, жоқ)** |   |

| | |
|---|---|
| |    |
| **Ұл балаларға шеберхананың болуы (бар, жоқ)** |        |

| | |
|---|---|
| **Қыз балаларға шеберхананың болуы  (бар, жоқ)** |      |
| **Мектеп асханасы туралы толық ақпарат (***мердігердің анықталуы, орын саны, құралдары (тоңазытқыш, ыдыс, аяқ, плита)болуы т.б. толық жазу керек***)** |   |

| | |
|---|---|
| |   Мердігер анықталған, асхана 80 орындық. Холоделник 1, морозилник 2, электроплита 1, су жылытатын аристон 1, мясорубка 1, қол жуғыш электлі 2, қол кептіргіш 2, мантоварка 1, кружка 168, тарелка 1блюда 168, доска кухонный 2, чайни ложка 150, столови ложка 150, ас ішетін столдар, орындықтар,ыдыс-аяқ жеткілікті. |
| **Күрделі жөндеу туралы ақпарат (***соңғы қай жылы болды?, өткізілген жұмыс түрлері).* | Байғанин орта мектебіне 2019 жылы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді, яғни, төбесі ауыстырылды, мектеп іші, кабинеттер полдары, есіктері ауыстырылды, жарлары ағартылды. 2020 жылы мектеп іші жаңашаландырылды (модернизация), яғни, информатика, физика, биология кабинеттеріне интерактивті панелдер, барлық кабинеттерге тақта, парта, технология кабинеттеріне ер балалар құралдары алынып берілді. 2021 жылы мектеп ауласына брючатка төселді, мектеп сырты қапталды, мектеп артына спорт алаңдары салынды. |
| **Күрделі жөндеуді қажет ететін жұмыс түрлері** *(толық жазу)* | ------ |
| **Дәретхана туралы ақпарат (***ішкі дәретхана, сыртқы дәретхана, келісім-шарт бар ма, ер, қыздарға кабинканың болуы, су тасымал ма? т.б. толық жазу керек***)** |    |

| | |
|---|---|
| |     |

**Медицина бөлімі:** жалпы көлемі 32м². Мемлекеттік лицинзиясы серия АК10836DD №13020154 2013 жылы 26 желтоқсанда берілді. 1 қызметкер жұмыс жасайды. Медбике Дүйсенбай Ардақ еңбек өтілі 17 жыл. Дәрігер бөлмесі 2 бөлме мен жабдықталған. Біреуі емшар кабинеті әктелген, медициналық құралдардан 1 шкаф, 1 стол, 2 тоңазытқыш, 1 орындық, 1 тақтай төсек (кушетка), 1 ширма, 2 дәрі – дәрмек шкафы, бой өлшегіш және салмақ өлшегіш, 1 тубостық кварц аппараты, 2 бикс, латоктарымен танометр, шина, вакцина қалдығын салатын 4 ыдыс, градусниктер, 1 сивцев таблицасы дәрі-дәрмектермен қамтылған.

Медициналық 3 жылдық құжаттар архивте сақталған, өз үлгісі бойынша толтырылған.

Медицина бөлімінде төменде көрсетілген құжаттар бар:

1. Ф№ 074/е нысанды амбулторлық ауруларды тіркеу журналы
2. Ф№ 026/е нысанды оқушылардың медициналық сапасы
3. Ф№ 063/е нысанды алдын ала егу картасы
4. Ф№ 030/е нысанды диспансерлік бақылау картасы
5. Ф№ 0279/е нысанды диспансерлік журнал
6. Ф№ 060/е нысанды жұқпалы ауруларды тіркеу журналы
7. Ф№ 067/е нысанды д-ш сабақтарында спорттық шараларда алғашқы медициналық көмек көрсетуін тіркеу журналы
8. Ф№ 064/е нысанды алдын алу есепке алу журналы
9. Ф№ 029/е нысанды процедураларды есепке алу журналы
10. Ф№038/е нысанды СӨСҚ ауруларының алдын алу жөніндегі іс-шараларды есепке алу журналы

11. Ф№ 058/е нысанды жұқпалы ауруларды шұғыл хабарлау журналы
12. Паразитарлық ауруларға алдын ала тексеру журналы
13. Профилдік журнал
14. Келген және кеткен оқушыларды тіркеу журналы
15. Дене шынықтыру пәнінен босатылған оқушылардың анықтамасын тіркеу журналы
16. Жеке медициналық кітапшаларды тіркеу журналы
17. Соматикалық ауырған оқушылардың анықтамасын тіркеу журналы
18. Карантиндегі оқушыларды бақылау журналы
19. Медициналық ұзақты және тұрақты қарсылықтарды тіркеу журналы
20. Алыдн алу екпесінің кестелік журналы
21. Ашылған шишадағы қалдық вакциналарды жоюын тіркеу журналы
22. Вакцина мен шприцтердің кірістерін тіркеу журналы
23. Медициналық қалдықтарды тіркеу журналы
24. Медицина бөлімінің құрал-жабдықтарын есепке алу журналы
25. Сынып кабинеттерінің температуралық тәртіпті тіркеу журналы
26. тері қабат ауруларына тіркеу журналы
27. Алдын алу екпе бөлмесін кварцтеу журналы
28. Қатерлі топ тіркеу журналы
29. БЦЖ журналы
30. Тубвираж журналы
31. Фитизиопедиатр дәрігерінен ем алатын оқушыларды қадағалау журналы
32. Химиопрофилактика журналы
33. Туберкулезбен ауырған және байланыста болған оқушыларды тіркеу журналы
34. Тоңазытқыш температурасын тіркеу журналы
35. Жалпы тазалық журналы
36. Медициналық дәрі-дәрмектердің кіріс - шығыс актілері
37. Скринингтік тексерудің папкасы
38. Жылдық және айлық жоспарлар папкасы
39. Алдын алу екпесінің жоспар папкасы
40. Флюраграфияға түскен оқушыларды тіркеу папкасы
41. Бұйрықтар папкасы
42. Вакцинаның папкасы
43. №5 алдын алу екпесінің қозғалыс папкасы
44. №6 алдын алу екпесінің қамту папкасы
45. Іс-номенклатурасының папкасы
46. Физиоем қабылдау журналы

## 6.Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор

Мектеп кітапханасы мектеп бөлшегінің құрылымы, ақпараттық білімнің құралы және негізгі қоры болып табылады. Адамға рухани байлық сыйлап, ғылым мен білімнің терең сырынан сусындатар мәдени орын кітапхана. Сол білім алатын мәдени ошақтарының бірі мектеп кітапханасы. Кітапхана балалардың білімін, қызуғышылығын арттыратын кітаптар: көркем әдебиет, энциклопедиялар, сөздіктер, жаратылыстану тағы кбасқа сала бойынша кітаптар бар. Әр кітапхананың негізі кітап қоры. Жалпы кітап қоры.

Кітап қоры сұранысқа сай жаңа окулықтармен толықтырылып тұрады. Кітапханада алфавиттік және жүйелік тізбектер, мұғалімдер үшін педагогикалық әдебиеттер және ғылыми әдістемелік тізбесі жүреді. Библиография анықтамалық қорының көп бөлімін анықтамалық басылымы құрайды: энциклопедиялар, энциклопедиялық сөздіктер жан жанқы және салалық , түсіндірме, терминологиялық, библиографиялық және басқа да сөздіктер.

Мектептің кітапханасында оқушылар және мұғалімдер үшін жағдай жасалған. Кітапханада ғылыми әдістемелік әдебиеттің қоры жеткілікті. Мектеп кітапханасы ақпараттық жұмысты екі

бағытта жүргізеді:педагогтардың мамандыққа қажеттіліктерін қамтамасыз ететін көмек және оқушылардың жалпы білім қызығушылығын дамытуға көмек.

Мектеп кітапханашысы оқырмандарының сұранысын қанағаттандырып қана қоймай, басқа да шараларды шебер ұйымдастыра білу қажет. Кітапханада өткізілген шаралардың мазмұндығы, эстетикалық тартымдылығы оқушылардың кітап оқуға деген қызуғышылығын арттыратыны сөзсіз. Мұндай шаралардың мақсаты: оқушыларды кітап оқуға деген қызығушылығын арттыратыны сөзсіз. Мұндай шаралардың мақсаты: оқушыларды кітап оқуға қызықтыру, оқыған кітабы жайлы ой толғаныс жасау, шығармашылыққа үйрету, ой қиялын дамыту, дүниетанымды кеңейту, шығармадағы қойылған проблемалардың шешімін таба білуге үйретеді.

**Кітапхана қоры:**
Кітапхана 1974 жылы құрылған. Мектептің екінші қабатында орналасқан. Жалпы алаңы 48 кв/м. Орындық оқу залы жоқ.
**Кітапхананың материалдық техникалық базасы:**
Кітап сөрелері -11 стол - 1 , орындық -1 , шкаф -бар, компьютер -жоқ.
**Кітапхана жұмысын ұйымдастырудағы мақсат:**
Мұғалімдер мен оқушыларға оқу тәрбие процесінде кітапханалық библиографиялық және ақпараттық қызмет көрсету;
Оқушылар бойына ақпарттық мәдениет негіздерін қалыптастыру, кітапхананың тәуелсіз пайдаланушыларын тәрбиелеу.
**Кітапхананың міндеттері:**
**Білім беру (**білім беру процесін қолдау, қосымша әдебиеттермен қамтамасыз ету)
**Ақпараттық (**ақпараттық қол жетімділікті ұйымдастырып, жүргізу)
**Мәдени** (мәдени, әлеуметтік іс – шаралар)

| Кітап қоры | 2023-2024 |
|---|---|
| Барлық қор | 11966 |
| Оның ішінде оқулық | 10761 |
| Көркем әдебиет | 1205 |
| Электронды әдебиеттер | 429 |

Қорытындылар мен ұсыныстар

1. Анықтаған кемшіліктер жойылып, уәкілеттік органның талаптарына сай білім беру ұйымы өзін-өзі бағалауға ұсынылсын.

2. Білім беру ұйымының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкестігі бойынша бағалаудың қорытындысы жасалынды.

3. Педагогикалық кеңесте өзін-өзі бағалау қорытындысымен таныстырылды.

4. Бағалау нәтижесі бойынша қорытынды уәкілетті органға ұсынылсын.

5. Білім беру ұйымын мемлекеттік өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша уәкілетті органның бұйрық жобасын дайындалсын.

6. Бұйрық білім беру ұйымының назарына ұсынылды.

7. Бұйрықтың орындалу барысы бақыланды.